


«БЕКІТЕМІН»



Астана қаласы әкімдігі

Әдістемелік орталығы

басшысының м.а

А. Мухамеджанова

2024 жыл

«ЖАС ҚАЛАМ» ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Осы ереже байқаудың мақсаттары мен міндеттерін айқындайды және барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының арасында «Жас қалам» қалалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын белгілейді.

Байқау Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК (бұдан әрі – Орталық) 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

Байқау қашықтағы форматта өтеді.

Байқауға Астана қаласының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдарының жас мамандары қатысуға құқылы.

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

2.1 Жас мамандардың шығармашылық қабілеттерін шындау арқылы ұлттық, азаматтық және патриоттық сезімдерін дамыту. Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие берудегі тәжірибелерін арттыру.

III. БАЙҚАУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1 Жас мамандардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін қолдау.

3.2 Педагог мамандар арасында мемлекеттік тілді дамытуға ықпал ету.

3.3 Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің тиімді жолдарын іздестіру.

VI. БАЙҚАУДЫҢ ШАРТТАРЫ

4.1 Қатысушы үміткер «Арманға қанат қаққан жастар» тақырыбында өз өлеңін ұсынады. Өлең көлемі 15 шумақтан аспауы тиіс. Өлең мағыналы, ұйқасы мен өлең жолдарындағы буын сандарының реттілігі, көркемдік-эстетикалық талаптарға сай болуы қажет.

4.2 Үміткерлер жасанды интеллектті пайдалана отырып, байқауға ұсынған өлеңі негізінде жасанды интеллект жасаған «Арманға қанат қаққан жастар» бейнесін (сурет) қоса жіберуі тиіс, бейненің форматы .jpeg, .jpg, .png болуы керек. Үміткердің жаңа ақпараттық технологияларды, оның ішінде жасанды интеллектті пайдалану қабілеті ескеріледі.

4.3 Өтініште байқауға қатысушының аты-жөні, жұмыс орны, мамандығы, байланыс телефондары нақты көрсетілуі қажет.

4.4 Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін қазылар алқасы құрылады.

4.5 Байқауға қатысушылардың шығармаларын бағалау және анықтау үшін Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК басшысы бұйрығымен қазылар алқасы құрылады және бекітіледі.

4.6 Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК әдіскерлері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатарынан құрылады. Қазылар алқасының саны бес адамнан кем емес. Қазылар алқасының жалпы саны тақ санды құрайды.

V. ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

5.1 Қазылар алқасы қатысушылардың шығармашылық жұмыстарының көркемдік және мазмұндық сапасын, техникалық талаптарға сай болуын, сондай-ақ ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану деңгейін бағалайды.

5.2 Жеңімпаздар дипломдармен марапатталады және арнайы жүлделер табысталады.

5.3 Байқауға қатысқан үміткерлердің шығармаларын қазылар алқасы келесі критерийлер бойынша бағалайды:

Ұпайлар (1-қосымша)

- **Мазмұны және тақырыптың ашылуы**
- **Көркемдік деңгейі**
- **Өлеңнің техникалық сәйкестігі**
- **Жасанды интеллектті пайдалану деңгейі**
- **Жалпы әсер және бірегейлік**

Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

VI. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Өтінімдерді қабылдау 04.11.2024 жылы басталып, 18.11.2024 жылы аяқталады.

6.2 Қатысуға өтінімдер Орталықтың astana-modern.edu.kz веб-сайтындағы, БАЙҚАУЛАР бөлімінде және сілтемені толтыру бойынша қабылданады <http://tiny.cc/nogrzz> (2-қосымша).

6.3 19.11.2024 жылдан кейін берілген өтінімдер қарауға қабылданбайды.

Байқау шарттары:

1) 2024 жылғы 20 қарашадан бастап 2024 жылғы 30 қарашаға дейін қазылар алқасының мүшелері келіп түскен шығармаларды критерийлер бойынша қарайды және бағалайды.

2) 2024 жылғы 3 желтоқсанда қазылар жеңімпаздарды анықтайды.

VII. БАЙҚАУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

7.1 Жеңімпаздарға I, II, III орын дипломдармен және арнайы жүлделер табысталады;

7.2 Байқау нәтижелері Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК astana-modern.edu.kz ресми сайтында жарияланады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына байланыс телефондарына хабарласуыңызға болады: 87054047853

«Жас қалам» байқауындағы өлеңдерді бағалау критерийлері

1. Мазмұны және тақырыптың ашылуы (0-30 ұпай)

- Өлеңнің «Арманға қанат қаққан жастар» тақырыбын толық ашуы, негізгі идеяны жеткізе білуі, оқырманға әсері.
- Отанға деген сүйіспеншілік, азаматтық және патриоттық сезімдердің көрінісі.
- Өлеңде өзіндік ерекшеліктің, шығармашылық көзқарастың болуы.

2. Көркемдік деңгейі (0-20 ұпай)

- Тіл байлығы, сөз қолданысының шеберлігі, сөздік қорының кеңдігі.
- Ұйқастарының үйлесімділігі, өлеңнің оқылымдылығы және жалпы құрылымы.
- Эстетикалық әсер қалдыруы және көркемдік талаптарға сай болуы.

3. Өлеңнің техникалық сәйкестігі (0-20 ұпай)

- Өлең жолдарындағы буын санының реттілігі, ырғақтың сақталуы.
- Өлеңнің көлемі (15 шумақтан аспауы) және қойылған талаптарға сай келуі.
- Грамматикалық және орфографиялық қателіктердің болмауы.

4. Жасанды интеллектті пайдалану деңгейі (0-20 ұпай)

- Үміткердің жасанды интеллект көмегімен жасаған «Арманға қанат қаққан жастар» бейнесінің идеяға сай келуі.
- Бейненің шығармашылыққа қосқан үлесі, тақырыппен үйлесімділігі және көркемдік деңгейі.
- Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудағы үміткердің шеберлігі.

5. Жалпы әсер және бірегейлік (0-10 ұпай)

- Өлеңнің ерекшелігі, бірегейлігі және тың идеялардың болуы.
- Оқырманға қалдырған әсері мен ой саларлық мазмұны.

"Жас қалам" қалалық байқау

gaushansydykova@gmail.com [Сменить аккаунт](#)



Когда вы загрузите файлы и отправите форму, мы сохраним ваши имя и фото профиля.. В ответе не будет использован введенный вами адрес электронной почты.

АТЫ-ЖӨНІ

Мой ответ

ЖҰМЫС ОРЫНЫ

Мой ответ

ШЫҒАРМАСЫ (.docx форматта жүктеу керек, файылдың атын автордың аты-жөнімен сақтау шарт)

 [Добавить файл](#)

ЖИ ЖАСАЛҒАН ШЫҒАРМАҒА СӘЙКЕС СУРЕТІ (.JPEG форматта жүктеу керек, файылдың атын автордың аты-жөнімен сақтау шарт)

 [Добавить файл](#)

[Отправить](#)

[Очистить форму](#)